

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 42/5 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 мамырда № 4986 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2018 жылғы 8 маусымдағы № 164-26/11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 08.06.2018 № 16426/11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 379, 381 және 383-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 20 (жиырма) п а й ы з ж о ғ а р ы л а т ы л с ы н .

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихатының

кезектен тыс XXXXII

сессиясының төрайымы

Қызылорда қалалық

мәслихатының хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің Мемлекеттік

кірістер комитеті Қызылорда

облысы бойынша Мемлекеттік

кірістер департаментінің

Қызылорда қаласы бойынша

Мемлекеттік кірістер басқармасы"

Республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы

А. ЕРЕЖЕЕВА

И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ

Қ.Ысқақов _____
"16" сәуір 2015 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК